

Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 42 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қаңтарда № 9-1-117 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 23 қарашадағы № 2012 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімдігінің 2009.10.23 № 2012 қаулысымен, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылы кәсіпорындардың қажеттілігіне сәйкес қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбелері, жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. Тізбеде белгіленген ұйымдар мен "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасасқан қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген шарттар бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жасалсын.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 451-002-100 "Қоғамдық жұмыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырсын.

5. Қостанай қаласы әкімдігінің "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2008 жылғы 03 қаңтардағы № 3 (нөмірі 9-1-97 Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 05 ақпандағы №

9 "Қостанай" газетінде жарияланған), "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 03 қаңтардағы № 3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 06 мамырдағы № 1129 (нөмірі 9-1-104 Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 03 маусымдағы № 42 "Қостанай" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп есептелсін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары М. Жүндібаявқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай қаласы әкімдігінің

2009 жылғы 13 қаңтарда

№ 42 қаулысымен бекітілген

2009 жылы жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы
1	2
1	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Тазалық 2000" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
2	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
3	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Теркомодағы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
4	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Мәдениет және демалыс паркі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
5	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй-пайдалану қызметі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
6	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын-үй -коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Стикс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
7	"Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының Қостанай қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
8	

	"Қостанай облысы Денсаулық сақтау басқармасының Қостанай перзентханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
9	"Қостанай қаласы әкімдігінің білім және спорт бөлімінің Спорт сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
10	"Қостанайзеленстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
11	"АБЗ плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
12	"СПЛАВ-Н" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
13	"Шебер"коммерциялық фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
14	"Қостанай ЭнергияОрталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
15	Қостанай" халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы
16	"Көмек" қоғамдық қоры

кестенің жалғасы

Жұмыс пен қызметтің түрлері	Орындалатын жұмыс пен қызметтің көлемі:	
	нақты көрсеткіштерде	адам күні
3	4	5
Қала аумақтарын батпақтан, қоқыстан, қардан, қатқан қардан қолмен т а з а р т у . Жол жиегіндегі бөлігін қоқыс пен қардан тазарту. Аялдама алаңдарын қоқыс пен қардан тазарту. Тротуар секторларын тазарту, жол жүру бөлігіндегі жиек тасты ақтау, көгалды ору.	79120920 шаршы метр	391920
Бау-бақша учаскелерінің алаңын өлшеу. Тұрғын үйде тұру фактісі жөнінде актілерді жасауына қатысу. Хабарландыру, сотқа шақыру қағаздарын беру. Қарызы бар жөнінде ескерту қағаздарын беру.	120000 шаршы метр 2400 дана 600 дана 6000 дана	2560
Текстильный, Западный, Элеваторный, Южный шағын аудандарды ағымдағы күтіп ұстау: шағын аудандардың орталық көшелерін, саябақтарды және кірме топтарын күнде санитарлық тазалау (қолмен сыпыру) шағын аудандардың кірме топтарындағы және орталық көшелеріндегі қоқысты үнемі қолмен жинау қоқысты, құмды, жапырақты үнемі қолмен тиеу және шығару жол жиегіндегі тасты мезгілімен тазалау және ақтау көшелер мен саябақтардағы арам шөпті қолмен шабу (маусымына төрт р е т) өскін мен ағаш діңгегіндегі бұтақтарды кесу ағаштарды қолмен ақтау арам шөпті қолмен тиеу және шығару (маусымына төрт рет) шағын аудандардың кірме топтарындағы және орталық көшелеріндегі қатқан мұзды күнде ою және тазарту қатқан мұзды күнде қолмен тиеу және шығару	597000 шаршы метр 597000 шаршы метр 220 тонна 18500 қума метр 41200 шаршы метр 1000 дана 900 дана 2 тонна 6200 шаршы метр 10 тонна	4140
	290 текше метр 4500 қума метр	6900

Тобыл өзенінің жағасындағы саябақ пен жағажай аумақтарын ағымдағы күтіп ұстау: тротуарларды қардан үнемі тазарту жиек тасты үнемі ақтау күнде қоқысты жинау шөп шабу (маусымына төрт рет) құмды қопсыту (аптасына үш рет) дәретхананы жинау (аптасына үш рет) әжетхананы ақтау (айына бір рет) Орталық саябақты ағымдағы күтіп ұстау: былтырғы жапырақты жинап шығару қоқысты үнемі жинап шығару шөп шабу (маусымына төрт рет) жиек тасты мезгілімен ақтау бұтақтарды үнемі кесу	135000 шаршы метр 42000 шаршы метр 70 гектар 1120 шаршы метр 102 шаршы метр 8370 шаршы метр 580 текше метр 18000 шаршы метр 8000 кума метр 2400 дана	
"Қостанай-2", "Наурыз" шағын аудандарындағы тұрғын сектордың аумағын және жертөле жайларын үнемі жинау	183300 шаршы метр 5700 шаршы метр	5000
Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін үнемі жинау	75000 шаршы метр	1905
Шатыр асты және жертөле жайларын тазарту: Шатыр асты және жертөле жайларынан қоқысты шығару аурухана аумағынан қоқысты жинап шығару Жол жиегін ай сайын ақтау Қоршауды сырлау Қалалық аурухананың аумағын және оның айналасындағы учаскелерін жинау Кәріз құдықтарын тазарту Спорт алаңын жайластыру Бұталарды кесу Халықтың әлеуметтік қорғалмайтын жіктерімен жұмыс жасау: тұрғылықты мекені жоқ ауру азаматтарға қызмет ету	1,5 тонна ай сайын 45 тонна 500 шаршы метр 300 шаршы метр 15000 шаршы метр 11 дана ай сайын 800 шаршы метр 1350 дана 40 адам	738
Бас корпустың жертөле жайларын және шаруашылық ғимаратын жинау Көкөністерді сақтау және электр тораптар үй-жайында жинау Қосалқы жайларды жинау Перзентхана аумағындағы шөпті маусымына екі рет шабу Қоқыс пен темір сынықтарын шығару	1600 шаршы метр 200 шаршы метр 100 шаршы метр 8000 шаршы метр 16 тонна	256
Аумакты қардан, қатқан мұздан, батпақтан, шаңнан, қоқыстан күнде қолмен жинау. Жас көшеттер мен гүлзарларды күтіп ұстау Мұз алаңын жабу және ашу Үйлердің төбелерін қардан мезгілімен жинау	870 шаршы метр 1420 шаршы метр 1800 шаршы метр 4000 шаршы метр	196
Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін кездейсоқ және ірі қоқыстан қолмен тазарту Жол жиегіндегі бөлігін қардан, қатқан мұздан, батпақтан, шаңнан, қоқыстан үнемі қолмен жинау, көгалдарды шабу, жиек тасты мезгілімен ақтау	12205700 шаршы метр	5040
Жолдар мен тротуарларды ағымдағы күтіп ұстау, үнемі және мезгілімен жинау. Жол жиегіндегі бөлігін үнемі, мезгілімен, қолмен жинау.	4598 кума метр 1095 кума метр	4590

Жиек тасты үнемі, мезгілімен, қолмен ақтау. Автокөлікке тиеп, көгалдарды қоқыстан, жапырақтан және бұталардан үнемі және мезгілімен жинау	3942 шаршы метр 44 тонна	
Ағаштан жасалған қоршаулар, балаларға арналған ойын алаңдарын (құм алаңы, "саңырауқұлақшалар"), есік, терезе блоктарын жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу. Еденкемер, есік қаңқасы, вагондарды жасау, ағаш құрылымдарын әрлеу, қырып тегістеу, сырлау.	1500 қума метр 15 дана 150 шаршы метр 5500 қума метр	1104
Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін кездейсоқ және ірі қоқыстан қолмен тазарту; жол жиегіндегі бөлігін қардан, қатқан мұздан, батпақтан, шаңнан, қоқыстан үнемі қолмен жинау, көгалдарды шабу; жол жиегіндегі тасты ақтау	12205700 шаршы метр	5040
Есептеу құралдардың көрсеткіштерін ай сайын алу. Электрқуатына уақытында акы төлеу жөнінде ескертулер беру	ай сайын 31476 абоненті	4600
Жағар-жанар май материалдар қоймасының аумағын құраған шөптен жинау. Шабу және шабылған шөпті жинау. Резервуарлық паркін опыру бойынша жұмыс.	115120 шаршы метр	1060
Тәуекел топтарында тікелей байланыса отырып, жүре біткен иммундық тапшылық синдромының алдын алу бойынша әлеуметтік жұмысы: қауіп топтарындағы азаматтарға сақтандырғыш қорғану құралдарын беру, ақпараттық-танымдық арнайы сақтандырғыш әдебиеттерін және емдеу-алдын алу мекемелеріне жолдамалар беру	149000 дана 1500 дана	1610